«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»
NATIONAL COMPANY KAZAKHSTAN TEMIR ZHOLY JOINT-STOCK COMPANY

«ҚТЖ» ҰК» АҚ АО «НК «ҚТЖ» NC KTZ JSC

БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

25 қыркүйек 2024 жыл
Астана қаласы

№ 714 – ЦЗ
город Астана

Өнім берушінің кодексін бекіту туралы

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 13 мамырдағы (№02/12 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2024-2025 жылдарға арналған ESG рейтингін жақсарту жөніндегі жол картасының 19-тармағын іске асыру шеңберінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өнім берушісінің кодексі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы құрылымдық бөлімшелерінің басшылары белгіленген тәртіппен қызметкерлердің осы бұйрықпен таныстырылуын қамтамасыз етсін.
3. Сатып алуды үйлестіру және мониторингтеу департаменті «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушісі кодексінің «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Жаңа жобалар жөніндегі басқарушы директор Е.Қ.Нағаспаевқа жүктелсін.

Құрылыс жөніндегі басқарушы директор **М. Искалиев**

Орынд. Аубакиров С.М. – ЦКМо
+7 (7172) 60-39-74

БЛАГ

17887

«Қазақстан темір жолы» ұлттық
компаниясы» акционерлік қоғамы
Құрылыс жөніндегі
басқарушы директорының
2024 жылғы «25» қыркүйектегі
№ 714-1/3 бұйрығына
қосымша

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы өнім берушісінің
кодексі**

1. Мақсаты

1.1. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушісінің кодексі (бұдан әрі - Кодекс) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) сатып алу рәсімдерінің барлық жеңімпаздарынан, агенттерден, делдалдардан, консультанттардан, орындаушылардан және мердігерлерден (бұдан әрі - Өнім берушілер) Қоғаммен жүзеге асырылатын бірлескен коммерциялық қызмет шеңберінде сақтауды және құрметтеуді сұрайтын ең аз стандарттардан тұрады.

2. Негізгі ережелер

2.1. Өнім берушілер Қазақстан Республикасы заңнамасының, басқа да қолданылатын заңнаманың, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын, атап айтқанда, осы Кодексте баяндалған қағидаттарды сақтауы тиіс.

2.2. Өнім беруші Қоғамның орнықты даму саласындағы қағидаттарын: ашықтықты, есептілікті, айқындықты, әдепті мінез-құлықты, мүдделі тараптардың мүддесін құрметтеуді, заңдылықты, адам құқықтарын сақтауды, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті, мүдде қақтығысына жол бермеуді, жеке үлгісін сақтауы тиіс.

2.3. Іскерлік ақпарат пен есептілікке қатысты барлық іс-әрекеттер адал және шынайы орындалуы, олардың орындалуы мен дәлдігін реттейтін барлық қолданыстағы заңдарға сәйкес келуі тиіс.

2.4. Өнім беруші осы Кодекстің ережелерін оның серіктестерінің, лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің, қосалқы мердігер бірлесіп орындаушыларының, агенттерінің, өнім берушілер делдалдарының және мамандар ретінде тартылатын жеке тұлғалардың (әрқайсысы жеке алғанда - «өнім берушінің өкілі») таратуына, танысуына және сақтауын мұқият тексеруге жауапты.

3. Жалпы қағидаттар

3.1. Өнім беруші өз қызметінде:

- жұмысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермейді;

- қызметкерлеріне, өкілдеріне және Қоғаммен жасалған шарттар бойынша бірлесіп орындаушыларға коммерциялық пара беру мен сыбайлас жемқорлық сипатындағы өзге де іс-әрекеттерге тыйым салады;

- заңсыз мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын болдырмайды;

- балалар еңбегін жоққа шығарады;

- кез келген кемсітушілікті, оның ішінде жұмысқа орналасуға және еңбек қызметіне қатысты кемсітушілікті болдырмайды;

- ең төменгі жалақы мөлшеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді сақтайды;

- өз қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының және/немесе өзге елдің еңбек, салық заңнамасын сақтайды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптар

4.1. Өнім берушінің қызметінде сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына, соның ішінде бопсалау, парақорлық, формальдылықты жеңілдету үшін сыйақы беру, алаяқтық, ақшаны жылыстату және непотизмге қатаң тыйым салынады.

4.2. Өз міндеттемелерін орындау кезінде Өнім беруші және/немесе оның өкілдері қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

4.3. Өнім беруші мен оның өкілдері өз міндеттемелерін орындау кезінде пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

4.4. Өнім беруші Қоғам қызметкерлерін қандай да бір жолмен ынталандырудан, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын Өнім берушінің немесе Өнім беруші белгілеген өзге тұлғаның пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен бас тартады.

4.5. Қоғам Өнім берушіні Қоғамдағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саясатының (бұдан әрі - Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Өнім беруші шарт жасасу арқылы Қоғамның саясатымен танысқандығын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы

заңнамасының талаптарын сақтауға және өз қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің саясат туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауға міндеттенеді.

5. Мүдде қақтығысы

5.1. Мүдде қақтығысы - Қоғамның лауазымды тұлғаларының жеке мүддесі мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған тұлғалардың жеке мүддесі олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

5.2. Өнім беруші олардың іскерлік беделіне немесе қабылданатын шешімдеріне теріс әсер етуі мүмкін Өнім берушіге/оның қызметкері мен Қоғам қызметкерлеріне немесе олардың туыстарына қатысты нақты немесе ықтимал мүдде қақтығысы бар жағдайларды анықтау және алдын алу үшін бар күшін салады.

5.3. Өнім беруші Қоғамға мүдде қақтығысы болуы мүмкін және іскерлік қатынастарға әсер етуі мүмкін кез келген жағдайлар туралы хабарлауы тиіс және ондайларға жол бермеуі тиіс.

5.4. Қызметін жүзеге асыру кезінде Өнім берушінің шешімдерді тек қана объективті критерийлер негізінде қабылдағаны жөн. Жеке, коммерциялық немесе басқа мүдде қақтығысына байланысты Өнім берушінің шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін кез-келген факторлар ең басында алынып тасталуы тиіс.

6. Адам құқықтары және еңбек

6.1. Кез келген кемсітушілікке негіздеріне, оның ішінде жұмысқа орналасуы және еңбек қызметіне, жынысына немесе гендерлік тиесілігіне, ұлтына, азаматтығына, нәсіліне, терісінің түсіне немесе этникалық тегіне, дініне, жасына, тіліне, отбасы мәртебесіне, әлеуметтік және ата-ана мәртебесіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, қоғамдық бірлестіктерге тиесілігіне және саяси уәждерге, жүктілігіне, мүгедектігіне тәуелсіз, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қасиеттеріне және оның жұмыс нәтижелеріне байланысты емес басқа жағдайларда тыйым салынған.

6.2. Өнім беруші Қазақстан Республикасының және/немесе өз қызметін жүзеге асыратын өзге ел заңнамасының талаптарына сәйкес мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қолжетімді орта құруға кепілдік береді және растайды.

6.3. Өнім берушіге мәжбүрлі еңбекті, тұтқындардың еңбегін пайдалануға, адам саудасын жасауға және коммерциялық жыныстық қызметтерді сатып алуға тыйым салынады. Мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын, оның ішінде құл еңбегін, мәжбүрлі еңбекті (құлдықты қоса алғанда) немесе мәжбүрлі еңбектің өзге де нысандарын қолдануға тыйым салынады. Қорқыту, күш қолдану, алаяқтық мәлімдемелер және (немесе)

қысымның басқа түрлері арқылы адам саудасына немесе мәжбүрлі еңбекке кез келген нысанда қолдау көрсетуге немесе қатысуға тыйым салынады.

6.4. Жұмысқа қабылдау үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген ең төменгі жасқа толмаған адамдарды жұмысқа қабылдауға тыйым салынады. Өнім беруші қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбек шартын жасасуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, балалардың немесе кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдаланбауға тиіс.

6.5. Өнім берушінің барлық қызметкерлерінде қол қойылған еңбек шарты болуы тиіс, онда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген барлық міндетті талаптар, соның ішінде ақы төлеу шарттары, еңбекті нормалау, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі, мерзімнен тыс уақыттағы жұмыс үшін өтемақы, хабарлама мерзімі, сондай-ақ қолданылатын заңнамада көзделген өзге де шарттар белгіленуі тиіс.

6.6. Өнім беруші қызметкерлердің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режиміне және жұмыс берушінің басқа да міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің сақталуына кепілдік береді және растайды.

6.7. Өнім беруші Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, келісімдердің, ұжымдық, еңбек шарттарының, өзі шығарған актілердің талаптарын сақтауға кепілдік береді және растайды.

6.8. Өнім берушілер қызметкерлерге олардың ана тілінде немесе олар түсінетін тілде жазылған қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін білуге және толық түсінуге мүмкіндіктің болуын қамтамасыз етеді.

6.9. Өнім беруші дене жазасына, заңсыз ұстауға, дене, жыныстық зорлық-зомбылыққа және/немесе психологиялық қысымға жол бермеу жөніндегі саясатты жүргізуге және шаралар қабылдауға кепілдік береді және растайды.

6.10. Өнім беруші қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз қызметкерлерінің бірлестік еркіндігіне құрметпен қарайды.

7. Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі

7.1. Өнім беруші жұмыс орындарында еңбек қолайлы жағдайдың қамтамасыз етілуіне кепілдік береді және растайды, қызметкерлер денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен танысуға және тиісті дайындықтан, оның ішінде өрт қауіпсіздігі, радиациялық қауіпсіздік, химиялық заттармен және жабдықтармен дұрыс жұмыс істеу, төтенше жағдайларға дайындық және алғашқы көмек көрсетуден өтуге тиіс.

7.2. Өнім берушінің қызметкерлерінде апаттарға/жарақаттарға немесе кәсіптік аурулардың туындауына әкеп соғуы мүмкін ықтимал тәуекелдер тиісті алдын алу шараларын (мысалы, жобалау, инжиниринг, әкімшілік бақылау, профилактикалық қызмет көрсету, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдер, қауіпсіздік жөніндегі ағымдағы тренингтер, сондай-ақ жеке қорғану құралдарымен жарақтандыру) қабылдау арқылы бағалануы және бақылау жасалуы тиіс.

7.3. Өнім беруші қауіпті жұмыс түрлеріне тән факторларды барынша азайту мақсатында жазатайым оқиғалар мен жарақаттардан, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық аурулардан болатын зардаптардың, залалдардың алдын алу немесе жою жөнінде барабар шаралар қабылдауға кепілдік береді және растайды. Өнім беруші өз қызметкерлеріне қосымша ақысыз тиісті жеке қорғаныс құралдарын ұсынуы тиіс. Дене жарақаттарына әкеп соққан кез келген оқиға немесе жазатайым оқиға, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық аурулар құжатпен ресімделіп, Өнім берушінің жоғары басшылығының назарына жеткізілуге тиіс.

7.4. Қоғам қоғамдағы қауіпсіздік деңгейін үздіксіз көтеру, өз қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыс жүргізеді және осыны өзінің іскер серіктестерінен талап етеді.

7.5. Өнім беруші жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету процесінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ Келісім-шартқа қосымша болып табылатын Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік саласындағы стандарттарды, регламенттерді, нұсқаулықтарды және өзге де актілерін қабылдау-беру актісі бойынша Тапсырыс беруші Өнім берушіге берген талаптарды сақтауға тиіс.

7.6. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өз объектісінің (-лерінің) және материалдық-техникалық ресурстардың орналасқан жеріне қол жеткізу құқығын қамтамасыз етуге тиіс.

7.7. Өнім беруші Тапсырыс берушінің объектілерінде кемінде 1 жыл мерзіммен жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету кезінде «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқудан өтуге міндетті.

8. Қоршаған ортаны қорғау

8.1. Қоғам қоршаған ортаны қорғау үшін өзінің әлеуметтік жауапкершілігін мойындайды және экологиялық тұрақтылықты жақтайды. Қоғам Өнім беруші Қоғамның көміртегі шығарындыларын белсенді қысқартуға, су тұтынуды қысқартуға және қалдықтардың пайда болуын барынша азайтуға деген корпоративтік ұмтылысын бөліседі деп күтеді.

8.2. Өнім беруші қоршаған ортаны сақтауға және олардың табиғи ресурстарға теріс әсерін барынша азайтуға ықпал ететін іс-шараларды енгізуі және/немесе орындауы тиіс.

8.3. Өнім беруші шартты орындау кезінде өндірілетін зиянды заттардың көлемін шектейді, сондай-ақ мұндай қалдықтарды қоршаған ортаға үлкен зиян келтірместен жоюды қамтамасыз етеді.

8.4. Өнім беруші улы заттарды пайдаланудың алдын алу шараларын қабылдауға кепілдік береді және растайды. Балама болмаған жағдайда, Өнім беруші улы заттарды қолдануды барынша азайтып, қауіпсіз өңдеуді және олардың жойылуын қамтамасыз етуге кепілдік береді және растайды. Басқа

зиянды заттарға, элементтерге немесе шектеулі пайдаланудағы қалдықтарға қатысты Өнім беруші қолданылатын барлық құқықтық нормаларды қатаң сақтауға кепілдік береді және растайды.

8.5. Өнім беруші табиғатты үнемдеу технологияларын (мәселен, ластаушы заттарды, көмірқышқыл газының бөлінуін бақылауды), сондай-ақ энергияны үнемдеу және қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын дамытуды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға теріс әсерін төмендететін логистикалық стратегияларды (әсіресе сақтауға, шамадан тыс тиеуге және тасымалдауға қатысты) енгізеді.

8.6. Өнім беруші ресурстарды тиімді пайдалану бойынша шаралар қабылдауға, яғни өнімді құру, пайдалану және қайта өңдеу кезінде ресурстардың пайдасы мен шығындарының арақатынасын талдауға, ресурстарды тұтынуды оңтайландыруға, тұтынушылық құндылықты оң ажыратуға және шығындарды азайтуға кепілдік береді және растайды.

8.7. Өнім беруші өз қызметінің экожүйеге теріс әсерін болдырмауға және барынша азайтуға және биологиялық әртүрлілікті қамтитын учаскелерге жақын жерде операциялық қызметті жүргізуден аулақ болуға кепілдік береді және растайды.

8.8. Өнім беруші ормандарды кесуді қысқарту және жерлерді сақтау мақсатында:

қалдықтарды қауіпсіз өңдеуге, жылжытуға, сақтауға, қайта өңдеуге, қайта пайдалануға және басқаруға мүмкіндік беретін жүйелерді пайдалануға;

қайта өңделген өнімдерді қолдануға, сондай-ақ макулатураны жинауға және тапсыруға тырысуға;

пайдалы кен орындарын игеру кезінде, мұнай өңдеу өнімдерінің ағуы салдарынан, құрылыс жұмыстары кезінде, мелиорациялық жұмыстар кезінде, ағаш дайындау жұмыстары кезінде, іздестіру жұмыстары кезінде, өнеркәсіптік және қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру кезінде жерді рекультивациялауды жүргізуге кепілдік береді және растайды.

9. Іскерлік әдеп

9.1. Төмен көміртекті даму орнықты дамудың өажетті шарты болып табылады және климаттың жаһандық өзгеруінің апатты салдарының алдын алуға бағытталады.

9.2. Мемлекет басшысының 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы бастамасын қолдау мақсатында, сондай-ақ көмір генерациясынан отын-энергетикалық ресурстар мен электр энергиясын жоғары тұтынуды ескере отырып, Өнім беруші көміртегі ізін азайту жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

9.3. Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің негізгі бағыттарының бірі - Қоғамның энергия тиімділігін арттыру. Бұдан басқа, тасымалдау көлемінің бір мезгілде өсуі кезінде энергия тасымалдаушыларға бағаның үздіксіз өсуі Қоғамның энергия ресурстарын сатып алуға жұмсайтын қаржылық

шығындарының жыл сайынғы ұлғаюына әкеледі. Мұндай жағдайларда энергия үнемдеудің рөлі жоғары және Қоғам энергия тиімділігі бойынша өз көрсеткіштерін үздіксіз жақсартуға ұмтылады. Өнім беруші тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету кезінде энергия үнемдеу қағидаттарын ұстанады және Қоғамның энергия тиімділігін арттыруға бағытталған технологияларды пайдаланады

10. Корпоративтік этика

10.1. Өнім беруші бәсекелестікті қорғау саласындағы ұлттық және халықаралық заңнамаға сәйкес әрекет етуге және сауда-саттықты өткізу кезінде баға келісіміне, нарықты немесе Тапсырыс берушілерді бөлуге, нарықты бөлуге немесе бәсекелестермен сөз байласуға қатыспауға кепілдік береді және растайды.

10.2. Өнім беруші кірістерді легализациялауға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға тікелей немесе жанама түрде ықпал етпеуге кепілдік береді және растайды.

10.3. Өнім берушілер экспортты бақылау жөніндегі ұлттық және халықаралық шараларды, сондай-ақ оның қызметіне қолданылатын сауда, экономикалық және қаржылық санкциялар мен эмбарголарды сақтауға кепілдік береді және растайды. Өнім беруші санкциялар қолданылатын елдер мен ұйымдар туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның қызметіне қолданылатын сауда шектеулерімен танысуға және оларды сақтауға кепілдік береді және растайды.

10.4. Өнім беруші қызметті жауапкершілік пен адалдық қағидаттарына сәйкес жүзеге асыруға кепілдік береді және растайды. Өнім берушілер алаяқтық пен ақшаны жылыстатуды/заңдастыруды анықтау және алдын алу бойынша ішкі бақылау жүйелерін және мұндай жағдайларда ден қою шараларын пайдалануға кепілдік береді және растайды. Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал алаяқтықтың барлық жағдайлары туралы Қоғамға дереу хабарлауға міндеттенеді.

11. Қорытынды ережелер

11.1 Өнім беруші қызметкерлерінің Кодекспен мейлінше қысқа мерзімде, бірақ Қоғаммен шарт жасасқан күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, танысуын қамтамасыз ететіндігіне кепілдік береді және растайды

11.2 Өнім беруші және/немесе оның қызметкерлері Кодекстің бұзылғанын анықтағаны немесе бұзылу мүмкіндігі туралы Қоғамға хабарлауға міндетті. Егер олардың іс-қимылы адал болса, ол Өнім берушіге және/немесе оның қызметкерлеріне қарсы пайдаланылмайды. Егер біреу Кодексті бұзатын іс-қимылдың жасалуы туралы ақпарат алса немесе болжамдаса немесе куә болса, тиісті ақпарат Қоғамға берілуі тиіс.

11.3. Кодекспен танысуды қамтамасыз ету үшін Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы

шарттардың ережелеріне Өнім берушінің «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өнім берушісінің кодексін сақтауын қамтамасыз ететін нормаларды осы Кодекске қосымшаға сәйкес енгізеді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық
компаниясы» акционерлік қоғамы
Құрылыс жөніндегі
басқарушы директорының
2024 жылғы «23» қыркүйектегі
№ 714-113 бұйрығына
қосымша

Өнім берушінің «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы өнім берушісінің кодексін сақтауын қамтамасыз ететін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттардың талаптары

Өнім берушінің осы Кодекстің ережелерін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының актілеріне сәйкес шарттың бастамашысы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартқа (бұдан әрі - Шарт) мынадай талаптарды енгізуді қамтамасыз етеді:

1. Шарттың преамбуласында:

«Мердігер/Орындаушы/Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мынаны растайды:

- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өнім берушісі кодексінің (бұдан әрі - Өнім беруші кодексі) мазмұнын мұқият зерделеп, тексерді және түсінді, сондай-ақ Мердігер/Орындаушы/Өнім беруші Өнім беруші кодексіне толық сәйкес әрекет ететінін растайды;

2. Мердігердің/Орындаушының/Өнім берушінің міндеттерін көздейтін Шарттың бөлімінде, тармақтарында:

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған Өнім беруші кодексінің талаптарын сақтау;

- жұмыстарды орындау/тауарды жеткізу/қызметтер көрсету басталғанға дейін Мердігер/Орындаушы/Өнім беруші қызметкерлерінің, қосалқы мердігерлердің, бірлесіп орындаушылардың қызметкерлерінің және осы Шартты орындау кезінде тартылған өзге де тұлғалардың Өнім беруші кодексінің талаптарымен танысуын және орындалуын қамтамасыз ету»;

3. Тапсырыс берушінің құқықтарын, шартты бұзу негіздерін/жағдайларын көздейтін Шарттың бөлімдерінде, тармақтарында:

«Мердігер/Орындаушы/Өнім беруші шарттың қолданылу кезеңінде Өнім берушінің кодексінде көзделген кепілдіктер мен куәліктерді бұзған жағдайда, оған айыппұл санкцияларын (өсімпұлдар, айыппұлдар) қолданбай, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту.»

Ескертпе: осы қосымшада көрсетілген шарттар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді:

- мемлекеттік монополия субъектісінде оның қызметінің негізгі мәні бойынша, табиғи монополия субъектісінде табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тұлғада;

- заңнамамен бекітілген нысан бойынша жасалған шарттар бойынша;

- мемлекеттік мекемелерде, сондай-ақ, егер олар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірыңғай провайдер көрсететін мемлекеттік қызметтерде сатып алған жағдайларда қолданылмауы мүмкін.

Сондай-ақ шарттар міндеттемелердің мәніне және шарттағы тараптардың атауына байланысты түзетілуі мүмкін.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ»
NATIONAL COMPANY KAZAKHSTAN TEMIR ZHOLY JOINT-STOCK COMPANY

«ҚТЖ» ҰК» АҚ АО «НК «ҚТЖ» NC KTZ JSC

БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

25 сентября 2024 года № 714 – ЦЗ

Астана қаласы город Астана

Об утверждении Кодекса поставщика

В рамках исполнения пункта 19 Дорожной карты акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» по улучшению ESG рейтинга на 2024-2025 годы, утвержденной решением Правления акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» от 13 мая 2024 года (протокол №02/12), **ПРИКАЗЫВАЮ**:

1. Утвердить Кодекс поставщика акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» согласно приложению к настоящему приказу.
2. Руководителям структурных подразделений акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» в установленном порядке обеспечить ознакомление работников с настоящим приказом.
3. Департаменту координации и мониторинга закупок обеспечить размещение Кодекса поставщика акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» на корпоративном сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы».
4. Контроль за исполнением настоящего приказа возлагаю на Управляющего директора по новым проектам Нагаспаева Е.К.

Управляющий директор по строительству **М. Искалиев**

Исп. Аубакиров С.М. – ЦКМо,
тел.: 8 (7172) 60-39-74

БЛАГЭ

17886

Приложение к приказу
Управляющего директора
по строительству
акционерного общества
«Национальная компания
«Қазақстан темір жолы»
от 25.09.2024 года № 774-ЦЗ

Кодекс поставщика
акционерного общества «Национальная компания
«Қазақстан темір жолы»

1. Цель

1.1. Кодекс поставщика акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» (далее – Кодекс) содержит минимальные стандарты, которые акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» (далее – Общество) просит всех победителей закупочных процедур, агентов, посредников, консультантов, исполнителей и подрядчиков (далее – Поставщики) соблюдать и уважать в рамках осуществляемой совместной коммерческой деятельности с Обществом.

2. Основные положения

2.1. Поставщики должны соблюдать требования законодательства Республики Казахстан, другого применимого законодательства, внутренних документов Общества и, в частности, принципов, изложенных в настоящем Кодексе.

2.2. Поставщик должен соблюдать принципы Общества в области устойчивого развития: открытость, подотчетность, прозрачность, этичное поведение, уважение интересов заинтересованных сторон, законность, соблюдение прав человека, нетерпимость к коррупции, недопустимость конфликта интересов, личный пример.

2.3. Все действия, связанные с деловой информацией и отчетностью, должны выполняться честно и верно, соответствовать всем применимым законам, регулирующим их выполнение и точность.

2.4. Поставщик ответственен за распространение, ознакомление и тщательную проверку соблюдения положений настоящего Кодекса его партнерами, должностными лицами, сотрудниками, соисполнителями субподрядчикамии, агентами, посредниками поставщиков и физическими лицами привлекаемых в качестве специалистов (каждый в отдельности – «представитель поставщика»).

3. Общие принципы

3.1. Поставщик в своей деятельности:

— не допускает в своей работе коррупционных правонарушений;

— запрещает своим работникам, представителям и соисполнителям по договорам с Обществом совершать коммерческий подкуп и иные действия коррупционного характера;

— исключает все формы незаконного принудительного труда;

— исключает детский труд;

— исключает любого рода дискриминацию, в том числе в отношении трудоустройства и трудовой деятельности;

— соблюдает нормативные правовые акты, касающиеся минимального размера заработной платы;

— соблюдает трудовое, налоговое законодательство Республики Казахстан и/или иной страны осуществления своей деятельности.

4. Требования по противодействию коррупции

4.1. Все формы коррупции, в том числе вымогательство, взяточничество, вознаграждение за упрощение формальностей, мошенничество, легализация (отмыванию) доходов и непотизм в деятельности Поставщика строго запрещены.

4.2. При исполнении своих обязательств Поставщик и/или его представители не выплачивают, не предлагают выплатить и не разрешают выплату каких-либо денежных средств или ценностей, прямо или косвенно, любым лицам, для оказания влияния на действия или решения этих лиц с целью получить какие-либо неправомерные преимущества или для достижения иных неправомерных целей.

4.3. При исполнении своих обязательств Поставщик и его представители не осуществляют действия, квалифицируемые в соответствии с применимым законодательством, как дача/получение взятки, коммерческий подкуп, а также действия, нарушающие требования применимого законодательства и международных актов о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем.

4.4. Поставщик отказывается от стимулирования каким-либо образом работников Общества, в том числе путем предоставления денежных сумм, подарков, безвозмездного выполнения в их адрес работ (услуг) и другими способами, ставящего работника в определенную зависимость, и направленными на обеспечение выполнения этим работником каких-либо действий в пользу Поставщика или иного лица, определенного Поставщиком.

4.5. Общество информирует Поставщика о принципах и требованиях Политики противодействия коррупции в Обществе (далее - Политика). Заключением договора Поставщик подтверждает ознакомление с Политикой Общества. При исполнении своих обязательств по договору стороны обязуются соблюдать и обеспечить соблюдение их работниками и представителями требований антикоррупционного законодательства Республики Казахстан, а также не совершать коррупционные правонарушения, предусмотренные применимыми для целей договора

международными актами и законодательными актами иностранных государств о противодействии коррупции.

5. Конфликт интересов

5.1. Конфликт интересов – противоречие между личными интересами должностных лиц Общества и их должностными полномочиями, при котором личные интересы указанных лиц могут привести к неисполнению и (или) ненадлежащему исполнению ими своих должностных обязанностей.

5.2. Поставщик прикладывает все усилия, чтобы выявить и предотвратить ситуации, в которых существует реальный или потенциальный конфликт интересов относительно Поставщика/ его работника и работников Общества или их родственников, которые могут неблагоприятно отразиться на их деловой репутации либо принимаемых решениях.

5.3. Поставщик должен сообщать Обществу о любых ситуациях, которые могут представлять собой конфликт интересов и которые могут повлиять на деловые отношения, и не допускать таковых.

5.4. При осуществлении деятельности Поставщику следует принимать решения исходя только из объективных критериев. Любые факторы, способные повлиять на принятие Поставщиком решений в силу конфликта личных, коммерческих или иных интересов, должны быть исключены в самом начале.

6. Права человека и труд

6.1. Любая дискриминация запрещена независимо от оснований, в том числе в отношении трудоустройства и трудовой деятельности, половой или гендерной принадлежности, национальности, гражданства, расы, цвета кожи или этнической принадлежности, религии, возраста, языка, семейного статуса, социального и родительского статуса, имущественного и должностного положения, принадлежности к общественным объединениям и политическим мотивам, беременности, инвалидности, а также других обстоятельств, не связанных с деловыми качествами работника и результатами его труда.

6.2. Поставщик гарантирует и подтверждает создание доступной среды для людей с ограниченными возможностями в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и/или иной страны по месту осуществления основной хозяйственной деятельности.

6.3. Поставщику запрещается использовать принудительный труд, труд заключенных, торговать людьми и приобретать коммерческие сексуальные услуги. Запрещается применять все формы принудительного труда, в том числе кабальный труд, подневольный труд (включая рабство) или иные формы принудительного труда. Поддержка или участие в любой форме в торговле людьми или принудительном труде посредством угроз, применения силы, мошеннических заявлений и (или) иных форм давления запрещены.

6.4. Запрещено принимать на работу лиц, не достигших минимального установленного применимым законодательством возраста для приема на работу. Поставщик не должен использовать труд детей или

несовершеннолетних, за исключением случаев, когда допускается заключение трудового договора согласно применимому законодательству.

6.5. Все работники Поставщика должны иметь подписанный трудовой договор, в котором отражаются все обязательные требования, предусмотренные трудовым законодательством Республики Казахстан, в том числе условия оплаты, нормирование труда, режим рабочего времени и времени отдыха, компенсацию за работу в сверхурочное время, срок уведомления, а также иные условия, предусмотренные применимым законодательством.

6.6. Поставщик гарантирует и подтверждает соблюдение им нормативных правовых актов, касающиеся режима рабочего времени и времени отдыха работников, и других обязанностей работодателя.

6.7. Поставщик гарантирует и подтверждает соблюдение им требований трудового законодательства Республики Казахстан, соглашений, коллективного, трудового договоров, изданных им актов.

6.8. Поставщик обеспечивает возможность работникам знать и в полной мере понимать права и обязанности работников, изложенных на их родном или понятном им языке.

6.9. Поставщик гарантирует и подтверждает проведение политики и принятие мер по недопущению физического наказания, незаконного задержания, физическому, сексуальному домогательству и/или психологическому давлению.

6.10. Поставщик проявляет уважение к свободе объединения для своих работников в соответствии с применимым законодательством.

7. Охрана здоровья и безопасность труда

7.1. Поставщик гарантирует и подтверждает обеспечение благоприятных условий труда на рабочих местах, работники должны быть ознакомлены с информацией по охране здоровья и безопасности труда и пройти соответствующую подготовку, в том числе по пожарной безопасности, радиационной безопасности, готовности к чрезвычайным ситуациям и оказанию первой помощи.

7.2. Потенциальные риски, которые могут привести к авариям/травмам или возникновению профессиональных заболеваний у работников Поставщика, должны быть оценены и контролироваться посредством принятия соответствующих превентивных действий (например, проектирование, инжиниринг, административный контроль, профилактическое обслуживание, процедуры по обеспечению безопасности труда, текущие тренинги по безопасности, а также оснащение средствами индивидуальной защиты).

7.3. Поставщик гарантирует и подтверждает принятие адекватных мер по предотвращению или устранению последствий, ущерба от несчастных случаев и травм, а также социально-психологических заболеваний с целью сведения к минимуму факторов, присущих опасным видам работ. Поставщик должен предоставить своим работникам соответствующие средства

индивидуальной защиты без дополнительной оплаты. Любое происшествие или несчастный случай, приведший к физическим травмам, а также социально-психологические заболевания должны быть документально оформлены и доведены до сведения высшего руководства Поставщика.

7.4. Общество проводит активную работу по непрерывному повышению уровня безопасности в Обществе, обеспечению безопасности своих работников и требует этого от своих деловых партнеров.

7.5. Поставщик должен соблюдать в процессе выполнения работ/оказания услуг нормы законодательства Республики Казахстан, включая законодательство об охране труда, промышленной безопасности и охраны окружающей среды, а также требования переданных Заказчиком Поставщику по акту приема-передачи стандартов, регламентов, инструкций и иных актов Заказчика в области безопасности и охраны труда, экологической безопасности на объектах Заказчика, являющихся приложением к Контракту.

7.6. Поставщик должен обеспечить Заказчику право доступа на место нахождения своего объекта (ов) и материально-технических ресурсов.

7.7. Поставщик при выполнение работ/оказания услуг со сроком не менее 1 года на объектах Заказчика, обязан пройти обучение по курсу «Культура безопасности труда».

8. Защита окружающей среды

8.1. Общество признает свою социальную ответственность за защиту окружающей среды и выступает за экологическую устойчивость. Общество ожидает, что Поставщик разделяет корпоративные стремления Общества к проактивному сокращению выбросов углерода, сокращению потребления воды и минимизации образования отходов.

8.2. Поставщик должен внедрять и/или выполнять мероприятия, способствующие сохранению окружающей среды и уменьшению в максимально возможной степени их негативного воздействия на природные ресурсы.

8.3. Поставщик ограничивает объем вредных веществ, вырабатываемых при исполнении договора, а также обеспечивает ликвидацию таких отходов без нанесения большого вреда окружающей среде.

8.4. Поставщик гарантирует и подтверждает принятие им мер по предотвращению использования токсических веществ. В случае отсутствия альтернативы, Поставщик гарантирует и подтверждает сокращение до минимума применение токсических веществ и обеспечить безопасное обращение и их уничтожение. В отношении других вредных веществ, элементов или отходов ограниченного пользования, Поставщик гарантирует и подтверждает строгое соблюдение им всех применимх правовых норм.

8.5. Поставщик осуществляет развитие как природосберегающих технологий (к примеру, контроль загрязняющих веществ, выделения углекислого газа), так и технологий по энергосбережению и переработке отходов, а также внедряют логистические стратегии, уменьшающие их

отрицательное воздействие на окружающую среду (в особенности того, что касается хранения, перегрузки и транспортировки).

8.6. Поставщик гарантирует и подтверждает принятие им мер по эффективному использованию ресурсов, то есть анализированию соотношения пользы и расходования ресурсов при создании, использовании и переработке продукции, оптимизируя потребление ресурсов, положительно дифференцируя потребительскую ценность и сокращая расходы.

8.7. Поставщик гарантирует и подтверждает предотвращение и минимизацию негативного воздействия своей деятельности на экосистему и избегает проведение операционной деятельности вблизи участков, содержащих биоразнообразие.

8.8. Поставщик в целях сокращения вырубки лесов и сохранения земель гарантирует и подтверждает:

использование системы, позволяющие обеспечить безопасную обработку, движение, хранение, переработку, повторное использование и управление отходами;

стремление использовать переработанную продукцию, а также собирать и сдавать макулатуру;

проведение рекультивации земли при разработке полезных месторождений, вследствие утечки продуктов переработки нефти, при строительных работах, при мелиоративных работах, при лесозаготовительных работах, при изыскательских работах, при размещении промышленных и твердых бытовых отходов.

9. Изменение климата

9.1. Низкоуглеродное развитие является необходимым условием устойчивого развития и нацелено на предотвращение катастрофических последствий глобального изменения климата.

9.2. В целях реализации Стратегии достижения углеродной нейтральности до 2060 года, а также учитывая высокое потребление топливно-энергетических ресурсов и электроэнергии от угольной генерации Поставщик принимает на себя обязательства по снижению углеродного следа.

9.3. Одним из ключевых направлений в достижении углеродной нейтральности является повышение энергоэффективности Общества. Кроме того, непрерывное повышение цен на энергоносители при одновременном росте объема перевозок приводит к ежегодному увеличению финансовых затрат Общества на приобретение энергоресурсов. В этих условиях высока роль энергосбережения и Общество непрерывно стремится улучшать свои показатели по энергоэффективности. Поставщик при поставке товаров, выполнении работ или оказании услуг придерживается принципов энергосбережения и использует технологии, направленные на повышение энергоэффективности Общества.

10. Деловая этика

10.1. Поставщик гарантирует и подтверждает, что действует в соответствии с национальным и международным законодательствами в области защиты конкуренции и не участвует в ценовом сговоре, распределении рынка или заказчиков, разделе рынка или сговоре с конкурентами при проведении торгов.

10.2. Поставщик гарантирует и подтверждает, что не способствует прямо или косвенно легализации (отмыванию) доходов или финансированию терроризма и экстремизма.

10.3. Поставщик гарантирует и подтверждает соблюдение им национальных и международных мер по контролю экспорта, а также торговые, экономические и финансовые санкции и эмбарго, применимые к его деятельности. Поставщик гарантирует и подтверждает ознакомление с торговыми ограничениями, применяемыми к его деятельности, включая сведения о странах и организациях, в отношении которых применяются санкции, и соблюдает их.

10.4. Поставщик гарантирует и подтверждает осуществление им деятельности в соответствии с принципами ответственности и честности. Поставщик гарантирует и подтверждает использование системы внутреннего контроля по выявлению и предотвращению всех видов мошенничества, в том числе по отмыванию/легализации денежных средств и меры реагирования в таких случаях. Обо всех случаях потенциального мошенничества, способных повлиять на деятельность Общества, обязуется немедленно сообщать Обществу.

11. Заключительные положения.

11.1. Поставщик гарантирует и подтверждает, что обеспечит ознакомление своих работников с Кодексом в максимально сжатые сроки, но не позднее 3 рабочих дней со дня заключения договора с Обществом.

11.2. Поставщик и/или его работники обязаны сообщить Обществу о выявленном или предполагаемом нарушении Кодекса. Это не будет использовано против Поставщика и/или его работников, если они действуют добросовестно. Если кто-либо получает информацию или предполагает или становится свидетелем совершения каких-либо действий, нарушающих Кодекс, соответствующая информация должна быть передана Обществу.

11.3. Для обеспечения ознакомления с Кодексом, заказчик вносит в условия договоров о закупках товаров, работ и услуг, нормы обеспечивающие соблюдение поставщиком Кодекса поставщика акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», согласно приложения к настоящему Кодексу.

Приложение
к Кодексу поставщика
утвержденного приказом
Упправляющего директора по
строительству акционерного
общества «Национальная
компания «Қазақстан темір
жолы» от 25 сентября
2024 года №744-ЦЗ

Условия договоров о закупках товаров, работ и услуг, обеспечивающих соблюдение поставщиком Кодекса поставщика акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

В целях обеспечения соблюдения поставщиком положений настоящего Кодекса, а также в соответствии с актами акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» инициатор договора обеспечивает включение в договор о закупках товаров, работ и услуг (далее - Договор) следующих условий:

1. В преамбуле Договора:

«Подрядчик/Исполнитель/Поставщик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что:

- тщательно изучил и понял содержание Кодекса поставщика акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы», размещенного на корпоративном сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» (далее - Кодекс поставщика), а также подтверждает, что Подрядчик/Исполнитель/Поставщик действует в полном соответствии с Кодексом поставщика»;

2. В разделе, пунктах Договора, предусматривающие обязанности Подрядчика/Исполнителя/Поставщика:

«Соблюдать требования Кодекса поставщика, размещенного на корпоративном сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»;

- до начала выполнения работ/поставки товара/оказания услуг обеспечить ознакомление и исполнение требований Кодекса поставщика работниками Подрядчика/Исполнителя/Поставщика, работниками субподрядчиков, соисполнителей и иными лицами, задействованными при исполнении настоящего договора»;

3. В разделах, пунктах Договора, предусматривающие права Заказчика, основания/случаи расторжения Договора:

«В одностороннем порядке отказаться от исполнения Договора в случае

нарушения Подрядчиком/Исполнителем/Поставщиком гарантий и заверений, предусмотренных Кодексом поставщика, в период действия Договора, без применения к нему штрафных санкций (пеня, штрафы).»

Примечание: указанные в настоящем приложении условия могут не применяться в случаях приобретения товаров, работ, услуг:

- у субъекта государственной монополии по основному предмету его деятельности, у субъекта естественной монополии по регулируемым услугам в соответствии с законодательством о естественных монополиях;

- у лица, определенного законодательством Республики Казахстан;

- по договорам, заключенным по форме, утвержденной законодательством;

- у государственных учреждений, а также государственных услуг, оказываемых единым провайдером, осуществляющим деятельность в сфере оказания государственных услуг физическим и (или) юридическим лицам в соответствии с законодательством Республики Казахстан о государственных услугах, если иное не установлено для них законами Республики Казахстан.

Также условия могут быть скорректированы в зависимости от существа обязательств и наименования сторон в договоре.